

«Болашақ» мектеп мекемесінің орыс тілі мен әдебиеті пәні
әдістемелік бірлестігінің отырысы

№1 хаттамасы

25.08.2022ж.

Қатысқандар: 7
Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Өткен оқу жылындағы бірлестіктің атқарған жұмысына талдау жасау және жаңа 2023-2024 оқу жылының мақсатын, міндетін айқындау.
2. 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік бірлестіктің жылдық жұмыс жоспарын құру.
3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен жүзеге асырылуы туралы.
4. Күнтізбелік тақырыптық жоспар 2022 жылғы 3 тамыздағы 348 бұйрықпен күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды даярлау, бекіту.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі өткен оқу жылындағы бірлестіктің атқарған жұмыстарын басшылыққа ала отырып, жаңа 2023-2024 оқу жылының мақсаты мен міндеттерін айқындады. 2023-2024 оқу жылында бірлестік мұғалімдерінің оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие берудегі кәсіби шеберлігін дамыту арқылы білім берудің сапасы мен тиімділігін арттыру мәселесі қозғалды.

Бірлестік мұғалімдері жаңа оқу жылындағы әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылады. Екінші мәселе бойынша сөз алған орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері көптеген мәселелер бойынша сөз қозғады.

Үшінші мәселе бойынша Әдістемелік бірлестік жетекшісі Ералиева Ф.М. «2023-24 жылғы ҚР-да орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатпен таныстырып өтті. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың,

бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен жүзеге асырылуы туралы ақпараттармен құлағдар етті. Сонымен қатар, мұғалімдерге бөлінген апталық жүктеме сағаттарымен таныстырды. Әдістемелік нұсқау хат бойынша стандартқа сай әр пән мұғалім 1,5 жүктемелік сағаттан артық алуға болмайтынын ескертті.

Төртінші мәселе бойынша бірлестік мұғалімдеріне күнтізбелік тақырыптық жоспар 2022 жылғы 3 тамыздағы 348 бұйрықпен уақытында даярлап, бекітілу қажеттілігі ескертілді.

Шешімі:

1. Жүктеме сағаттарды бөлініп, 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік бірлестіктің жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
2. «2023-24 жылғы ҚР-да орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» және ӘНХ 2023-2024 оқу жылындағы толықтырулар мен өзгерістермен толық танысып шықсын.
3. 01.09.2022ж. мұғалімдердің жүктемесі тарифтелінсін.
4. Күнтізбелік тақырыптық жоспарлар 2022 жылғы 3 тамыздағы 348 бұйрықпен күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар бекітілсін.

«Болашақ» мектеп мекемесінің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің сағат жүктемесі хабарланып келісілді.

Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдерінің 2023-2024 оқу жылына бөлінген
жүктемесі

I ауысым							
№	Мұғалімнің аты-жөні	Сынып жетекші	Сыныптар	Ескерту	жүктеме сағаты	Жалпы жүктеме есі	қолы
1	Ералиева Ф.М. Педагог-Модератор	8 б	7 д/8 б,в,г/10 б/11 б,в/		4,12,3,6	25	

2	Ермекова Р.Ж. Педагог-модератор	7 а	7 а,ә,и,ғ \ 6 а,ә,ғ,е		12/12	24	
3	Тюлегенова К.К. Педагог-модератор		6 б,д		10	10	
4	Схакова А.З Педагог-эксперт		5 а,ә,б	9	9	9	
5	Жуматаева А.А. Педагог-исследователь		9 б,в,7 г,ж,4 а	8/8/2	18	18	
6	Тюлегенова И.О. педагог		8 а,ә,ғ/9а,ә,г/10 а,ә/11а	9/6/6	21	21	
7	Тохтыбаева Л.Х		5 б,г,д/6г	15/5	20	20	
Бастауыш сыныптар							
№	Мұғалімнің аты-жөні	Сынып жетекші	Сыныптар	Үйде оқыту	жүктеме сағаты	Жалпы жүктеме сі	қолы
1	Каримова А.А.		4 б,в,г \ 3 б,в,г /		12/12	24	

Бірлестік жетекшісі:

Ералиева Ф.М.

Хатшы:

Тохтыбаева Л.Х

«Болашақ» мектеп мекемесінің орыс тілі мен әдебиеті пәні
әдістемелік бірлестігінің отырысы

№2 хаттамасы

Қатысқаны: 7

01.09.2022ж

Қатыспағаны:0

Күн тәртібі:

1. 05 қыркүйек – ҚР Тілдер мерекесіне орай іс- шаралар ұйымдастыру.
- 2.Тілдер мерекесін атап өту. Жоспарды құру, бекіту.
3. Жазу дәптерлері мен оқулықтарға, шығармашылық жұмыстарға, БЖБ, ТЖБ жұмыстарының мазмұны мен сапасына мән беру.
- 4.Тілдік пәндер бойынша БЖБ жүргізу үшін ағымдағы бақылауды өткізу кезінде оқу сауаттылығын дамыту мақсатында жылына кемінде 2 рет эссе, шығарма; жылына кемінде 2 рет диктант, мазмұндама жазу ұсынылады. ӨНХ. 2023-24ж. 22-бет.
5. Дарынды және білімді қажет ететін оқушылармен жұмыс жоспарын жасау.

Тыңдалды:

1. 1. 05 қыркүйек – ҚР Тілдер мерекесіне орай іс- шаралардың өту барысы талқыланды. Бірлестік отырысында атаулы датаның өзгеру себебі – Ұлттың сақталуына да, қазақ халқының тағдыры мен тілі үшін күрескен Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен байланысты екендігін атап өтті.Тілдер күні мерекесіне байланысты сынып жетекшілеріне сыныптарымен бірге қанатты сөздер мен қабырға газеттерін шығару жүктелді.
2. «Тілдер күні мерекесі» іс-шарасында орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдері 5-11-сыныптар арасында «Тіл-тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» тақырыбында эссенің ұйымдастыру ережесімен танысты. Байқаудың мақсаты: Тәуелсіз еліміздің ең асыл қазынасы –мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру, оқушылардың өз ана тіліне деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық жұмысқа баулу. Өз кезегінде, оқушылардың жұмыстары жүйелі түрде тексерілу үшін, бағалалау жұмыстары әділ жүргізілу керектігі қатаң ескертілді.
3. Бірлестік жетекшісі Ералиева Ф.М. мұғалімдерге оқушылардың жазу дәптерлері уақытылы тексеріліп, оқулықтарға, шығармашылық жұмыстарға, БЖБ, ТЖБ жұмыстарының мазмұны мен сапасына мән

берілу керектігін баса ескертіп, БЖБ орыс тілі мен әдебиеті пәндері бойынша әр тоқсанда екі рет, ТЖБ орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша әр тоқсанда бір рет алынатындығын атап өтті.

4. Тілдік пәндер бойынша БЖБ жүргізу үшін ағымдағы бақылауды өткізу кезінде оқу сауаттылығын дамыту мақсатында жылына кемінде 2 рет эссе, шығарма; жылына кемінде 2 рет диктант, мазмұндама жазу ұсынылды. ӘНХ. 2023-24ж. 22-бет. Күнтізбелік жоспарда ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен жүзеге асырылуы туралы ақпараттарды негізге алу ескертілді. Сонымен қатар, мұғалімдерге бөлінген апталық жүктеме сағаттарымен оқушылармен жұмыс жоспары негізінде, әр оқушының жұмыстары сараланып жеке жұмыстар жүргізілді.
5. Үлгерімі төмен және дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыстар жоспарлары тексерілді. Педагогикалық жағынан назардан тыс қалған балалармен сабақ үстінде және сабақтан тыс уақытта зейін мен ырықты, есте сақтауға байланысты жұмыстар жүргізілді. Балалардың артта қалуы мен нашар оқуын болдырмау және алдын алу жұмыстары жүргізілді.

Сөйлегендер:

Тюлегенова И.О., Ермекова Р.Ж. - орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдері: Жоғарыда айтылған нұсқауларды басшылыққа алып жұмыс жүргіземіз. Әдістемелік бірлестік пен КТЖ, инвариантты курс жоспарлары жақсы жоспарларған.

Шешімі:

1. 05 қыркүйек – ҚР Тілдер мерекесіне орай ұйымдастырылатын концерттік бағдарламаның жоспары бекітілсін.
2. «Тіл-тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» тақырыбында эссенің ұйымдастырылуын қадағалау сынып жетекшілеріне жүктелсін.
3. БЖБ, ТЖБ жұмыстарының мазмұны мен сапасына мән беріліп, БЖБ қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша әр тоқсанда екі рет, ТЖБ орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша әр тоқсанда бір рет алынсын.
4. Тілдік пәндер бойынша оқу сауаттылығын дамыту мақсатында ағымдағы бақылауды өткізу кезінде жылына кемінде 2 рет эссе, шығарма; жылына кемінде 2 рет диктант, мазмұндама жазылсын.

5. Дарынды және білімді қажет ететін, Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың жоспарлары бекітілсін. Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыстарды жоспарлары тексеріліп, оқушылардың артта қалуы мен нашар оқуын болдырмау және білім сапасын көтеру жұмыстары күшейтілсін.

Бірлестік жетекшісі:

Ералиева Ф.М.

Хатшы:

Тохтыбаева Л.Х.